

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«Жаңа жыл»

(Ересек «Ер Төстік» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова К
Әміреева А

Таушық ауылы, 26.12.2024 жыл.

Тақырыбы: «Жаңа жыл»

Мақсаты: балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру. Ертеңгілік барысында балаларды персонаждарға бөліп, өздері кейіпкерлендіруді ұсыну. Ән, би арқылы өнерге талпындыру. Өлең жолдарын мәнерлеп оқу барысында достық сезімдерін ояту, сөздік қорын дамыту.

Ерте, ерте, ертеде үлкен бір ғажаайыптар әлемінде Эльза мен Анна есімді ханшайымдар өмір сүріпті. Олар өте бауырмал, бір-бірінен ешқашан ажырамаған көрінеді. Бір күні екеуі жаңа жыл қарсаңында шыршаларды көру үшін орманға келеді. (боран даусы естіледі) Кенеттен қарлы боран соғып, екеуі адасып кетеді. Аннаны қарлы боран ұшырып, үйіне әкетеді, ал Эльза орманда қалып қояды. Қатты аязға үсіген Эльзаның жүрегі мұзға айналады. (Эльза кіреді)

Эльза:

Ақ қуыр тасы,

Тау мен дала.

Құлазыған айнала,

Тұнжыраған ақ әлемнің әміршісі мен ғана.

Дауылды, орманда мен адастым

Жаңа жыл болмайды, мен ренжіп қалдым.

-Неліктен мен адасып қалдым? Қаһарлы қыс мезгіліне де ренжідім. Анна сіңліме де қатты ренжідім. Менсіз жаңа жылды ешкім қарсы алмайды. Барлықтарыңның жүректеріңді мен сияқты мұзға айналдырамын. Мен рұқсат бермеймін. (жәй музыка ойналады)

Анна: Кішкентай достарым, сендер білесіңдер ме? Жаңа жыл жақындап таяп қалды. Бірнеше минуттардан кейін Жаңа жыл басталады. Ал, мен Эльза әпкемді әлі таба алмадым. Жаңа жыл меркесін қалай тойлаймын? (жылап жібереді)

Балалар: -Жылама. Жүр, біз достарымызбен бірге жаңа жыл кешін қарсы аламыз. Сенде бізбен бірге жүр жаңа жылды бірге қарсы алайық. Мүмкін Эльза әпкеңді кездестіріп қалармыз.

Анна: -Рахмет, менің кішкентай достарым! Жарайды!

Армысыңдар халайық!

Бармысыңдар халайық!

Жаңа жылды жұп жазбай,

Бірге қарсы алайық.

Бүгін келді жаңарып,

Ер Төстік тобы ортада.

Би, билейді ,ән салып,

Жасыл шырша жанында.

Сәлем бізден баршаға

Құттықтаймыз жар сала.

Бүгін бізде Жаңа жыл,

Қош келіпсіз шыршаға.

Жаңа жылда көңілді,

Шырқалады әніміз.

Ата-аналар сіздерді,

Құттықтаймыз бәріміз!-деп бүгінгі ересектер «Ер Төстік» тобының «Жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілігін бастаймыз. Олай болса ортаға ертеңгілігіміздің әдемі кейіпкерлерін ортаға шақырайық.(балалар жұптасып билеп залға кіреді)

Анна: Қош келдіңдер менің кішкентай достарым! Достар біз жаңа жыл мерекесін тойлауға келдік.Ортамызда тұрған не балалар?

Балалар: Шырша!

Анна: Иә, шыршамыз қандай әсем безендірілген екен.

Тамаша! Тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.-деп шыршамызға әнімізді арнайық.

Хор: «Шыршаға бардық»

Анна: Кішкентай достарым Эльза біздің даусымызды естідіме екен?

(осы кезде Эльза кіріп келеді)

-О, алақай! Эльза! (құшақтап қуанады)

Эльза: (ашулы) Анна, мені қардың астына тастап кеткенің есінде ме? Мен сені ешқашан кешірмеймін.

Анна: Эльза мұның не? Мені танымадың ба? Мен сенің Анна бауырыңмын ғой.

Эльза: Жоқ.

Анна: Эльза мен сені тастап кеткен жоқпын ғой.Қарлы боран бізді адастырып жіберді. Кенет көзімді ашсам үйдің жанында отыр екенмін.

Эльза: Менің жүрегім әлдеқашан мұзға айналып кеткен, мен сені ешқашан кешірмеймін.

Анна: Эльза ешқашан мейірімді жүрек мұзға айналмайды. Мен оған сенімдімін.Ия, балалар! Ендеше Эльза әпкемнің жүрегін жібітейік.

Эльза: Жоқ,жоқ,тоқтатыңдар! Мен айттым емеспе, қарсы алмайсыңдар жаңа жылды деп.

Анна: Жоқ,Эльза. Біз бұған жол бермейміз. Сенің мұздаған жүрегіңді жібітеміз. Солай емеспе балалар? Қанекей өз өнерлерімізді көрсетіп жүрегін жібітіп жіберейікші. Келіндер, біздің кішкентай достарымыз! Ортаға жұп биін билейік.

Би: «Жұптар»

Эльза: Тоқтатыңдар! Тоқтатыңдар!Бұлай менің көңіл-күйімді көтере алмайсыңдар. Менің жүрегім әлдеқашан мұзға айналған.

Анна: Эльза Жаңа жыл мерекесінде олай қатты ренжуге болмайды ғой.

Эльза: Сендер берілмейді екенсіңдер!

Анна: Эльза мен сенің мұзға айналған жүрегіңді жібітуге күш саламын.Қазір біздің балалар саған арнап жылы лебіздерін, жаңа жылдық тақпақтарын

айтып бермекші, тыңдап көрші. Қане, балалар Эльзаға жаңа жылдық тақпақтарымызды айтайықшы.

Ортаға жыр шумақтарымен: Мадина, Айдай, Алуа, Күнтай, Исмайл, Тауекел, Бағдат, Тобыш, Аянат, Әдемі, Динара

Мадина:

Не ойласаң жаңа жыл,
Орындалар бар арман.
Жаңа жылды сондықтан,
Күтеді барлық балалар.

Алуа:

Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген.
Қандай жақсы шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

Исмайл:

Келіндер, келіндер,
Тақпақ айтып беріндер.
Жомарт аяз атадан,
Сыйлық алып көріндер.

Бағдат:

Ақ қар жапты даланы
Ақ жамылды айнала.
Жарқыратып, шамданып.
Шырша келді ортаға.

Аянат:

Жүзімізге күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.

Әдемі:

Кел балақай шырша дайын,
Қол ұстасып ән салайық
Жаңа жылдың жарқын ойын,
Ән мен, би мен қарсы алаайық.

Анна: Эльза біздің балалардың тақпағы саған ұнады ма?

Эльза: Жоқ. Сендер менің көңіл-күйімді көтере алмайсыңдар. Сендер қайтпайды екенсіңдер. Ендеше, менің сендерге бір ойыным бар.

Қарша қыз: О-алақай! Келіндер балалар ойын ойнаймыз. Сен ойынның шартын айт. Біз бәрінде орындаймыз.

Айдай:

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын!
Төрле-төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын!

Қарақат:

Кең пейілді, мол мейірлі,
Сағынышпен табысқан.
О, алақай! Аяз Ата!
Келе жатыр алыстан.

Тәуекел:

Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады, қатады.
Жып-жылтыр боп жатады.

Тобыш:

Ән саламыз билеп
Жырдан шашу төгілді.
Бүгін біздің жаңа жыл,
Қандай қызық көңілді.

Динара:

Келіңіздер, келіңіздер,
Би де билеп беріңіздер
Қызығы мол жаңа жылдың,
Тамашасын көріңіздер.

Анна: Ал, балалар! Эльза сендермен ойын ойнағысы келеді екен.

Эльза: Мен мына кішкентай санталармен жүгіріп жарысқым келеді. Кім жылдам екенін көрейік.

Ойын: «Кім жылдам»

(осы кезде Эльза таяқшасымен кішкентай санталарды қатырып тастайды)

Анна: Эльза, бұл қалай болғаны? Сен бізді алдадың ба? Енді мен кішкентай санталарсыз жаңа жылды қалай тойлаймын? Сен оларды қатырып тастадың ғой.

Эльза: Айттым ғой мен сендерге менің қаһарыма әлдерің келмейді деп.

Анна: Енді, мен не істеймін???? Кім маған көмектеседі?

(осы кезде сиқырлы Перизат келеді) О-о , қош келдің сиқырлы Перизат! Сенің келгенің жақсы болды. Сен дер кезінде келдің.

Сиқырлы Перизат: Сәлеметсіңдер ме! Мұнда не боп жатыр? Бұл кішкентай санталарға не болған? Неге бұлар қатып қалған.

Анна: Эльза бізді алдады. Ойын ойнаймыз деп, кішкентай санталарымызды мұзға айналдырып қатырып тастады. Сен көмектесе аласың ба?

Сиқырлы Перизат: Эльза! Бұлай жасауға болмайды. Жаңа жыл кешінде ренжуге болмайды. Бұл кішкентай санталарды қазір мен сиқырлы таяғыммен жібітіп, жүректеріне жылу сыйлаймын. (сиқыр музыкасы қосылады, Қаршақыз шыр анала билейді)

Қарша қыз: Ой не боп кетті өзі? Қозғала алмай қалдым ғой.

Анна: Ой, достым. Сені де қатырып тастаған екен ғой.

Сиқырлы Перизат: Эльза, жаңа жыл кешінде ренжуге болмайды. Мен сенінде жүрегіңе жылулық сыйлаймын.

Эльза: Жоқ, жоқ. Менің жүрегім әлдеқашан мұзға айналған. Ол жібімейді.

Анна: Ай-ай-ай! Олай болса біздің кішкентай санталарымыз өздерінің керемет өнерлерін ала келген екен. Мүмкін тамашалап көрерсің. Ендеше, санталар биін тамашалайық.

Би: «Санталар»

Аққала: Ой, балалар, жарайсындар! Кішкентай санталар сендердің билерің қандай күшті, әдемі. Өнерлі екенсіңдер. Кереметті! Эльзаға ұнап жатыр ма екен?

Эльза: ЖОҚ!

Қарша қыз: Ой, нет деген қатып қалған мұз жүрек. Енді не істейміз?

Анна: Қаршақыз, біздің балалардың бәрі өнерлі. Бізде биші де, әнші де көп. Олай болса әнші қыздарымызды шақырып ән айтайық.

Аққала: Әрине, айтсын. Мүмкін Эльзаның жүрегіне жетіп, елжіретіп жіберер.

Анна: Ендеше ортаға Алуа мен Айдай қыздарымызды «Күншуақ» әнімен қарсы алыңыздар!

Ән: «Күншуақ»

Анна: Эльза көрдің бе біздің әнші қыздарымыздың әні жүрекке жеткен болар.

Эльза: Жоқ! Мен айттым ғой. Менің жүрегім әлдеқашан қатулы.

Аққала: А-а-а. Мен таптым. Балалар жаңа жылдағы біздің ең асыға күткен қонағымыз кім? Біз кімнен сыйлық аламыз?

Балалар: АЯЗ АТА!

Анна: Дұрыс айтасындар! Ендеше, қане бәріміз бірге Аяз атан, Ақшақарды сонымен бірге Жаңа жылымызды шақырамыз ба?

Балалар: Ау, Аяз Ата! Ақшақар! (көңілді әуенмен Аяз ата, ақшақар, Жаңа жыл келеді)

Аяз Ата: Амансындар ма ұлдарым!

Амансындар ма қыздарым!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан, асау желмен жарысқан,

Аталарың сендерге Шаршап келді алыстан.

(осы кезде Эльза ашуланады)

Эльза: Балалар сендер Аяз Ата мен Ақшақарды неге шақырдыңдар? Айттым ғой мен сендерге жаңа жылды ешкім қарсы алмайды деп. **МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ ӘЛДЕҚАШАН МҰЗҒА АЙНАЛҒАН!!!!ҚАЗІР СЕНДЕРДІҢ БАРЛЫҚТАРЫҢДЫ МҰЗҒА АЙНАЛДЫРАМЫНННН!!!!**

Аяз Ата: **ТОҚТАТ!** Тоқтат! Мен бұған жол бермеймін. Жаңа жылда балалардың көңіл күйін түсіруге болмайды- деп Эльзаның мұз жапқышын аса таяғымен түсіріп тастайды. Эльза жүрегі жібіп бұрынғы күйіне енеді. Аннамен қайта қауышып кешірім сұрайды.

Эльза: Балалар сендер мені кешіріңіздерші. Мен енді сендерге қайта оралдым. Сендер мені дер кезінде құтқарып қалдыңдар. Аяз Ата мен сендер болмағанда менің жүрегім әлдеқашан мұзға айналып кетер еді. Сендер мен жасаған қателікті ешқашанда қайталамаңдар. Кел, барлығымыз жаңа жылды жақсы көңіл күймен қарсы алайық.

Анна: Балалар, келіңдер Аяз Атамызға қош келдіңіз айтып жаңа жыл кешімізді әрі қарай жалғастырайық.

Ақшақар: Ой, балалар шырша қандай әдемі безендірілген екен. Шырша шамы неге жанбаған? Қанекей шыршаның шамын жағайық.

Аяз Ата: Келіңдер балалар, бәріміз бірге шырша шамын жағайық.

Қуант бізді таңырқа,

Шырша шамы жарқыра!!!-деп айқайлайды. (әуен ойнап, шырша шамы жанады, шапалақтайды)

Аяз ата: Балалар сендерге ұнады ма?

Анна: Әрине, рахмет Аяз Ата! Сіз алыс жолдан шаршаған боларсыз, отырып дем алыңыз. Біздің балалардың сіздерге арнаған тақпақтары бар екен, соны тарту етейік.

Тақпақтар: Айару, Томирис, Нұрайым, Кәусар, Ақыл, Бекбол, Ибраһим, Бекнұр, Айзере, Бакжет.

Айару:

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Төгілсін жаңа нұр.
Сыйлығын сүйретіп,
Келді міне жаңа жыл.

Томирис:

Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр.
Ата-әже-әке-ана,
Құтты болсын, жаңа жыл.

Кәусар:

Аяз Ата тыңдаңыз,
Тақпақ айтып берейік.
Ортамызда шыршамыз,
Ойнап бірге күлейік.

Бекбол:

Жаңа жыл, жаңа жыл
Құтты болсын жаңа жыл
Ата-әже, әке – ана,
Құт әкелсін жаңа жыл.

Айзере:

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

Күнтай:

Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді
Құттықтаймыз ән салып.

Бакжет:

Кел балалар тақпақты
Тақылдатып айтайық
Аяз ата таң қалсын
Сыйлық алып қайтайық.

Анна: Аяз Ата біздің балалардың тақпақтары ұнап жатыр ма?

Аяз Ата: Әрине, қандай өнерлі балалар екенсіңдер!

Анна: Ендеше, біздің балалардың дайындаған ертегісін тамашалаңыздар!

Ертегі көрінісі: «Қоян мен түлкі» ертегісі

Анна: Аяз Ата, Ақшақар біздің балалар сіздерді асыға, ұзақ күтті. Өздері сондай талантты. Солай емес пе Қаршақыз? Қаршақыз сенің кіп-кішкентай достарың қайда? Қане солардың биін тамашалайық.

Би: «Гномдар»

Анна: Жарайсыңдар, кішкентай достарым.

Ақыл:

Аязды келіп қыс
Алғашқы қар ұшты
Аппақ болып үстіміз,
Ақ қырау жабысты.

Бекнұр:

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Ибраһим:

Жаңа жыл келгенде
Қуанып қарсы аламыз
Аяз ата келгенде
Билейміз, ән саламыз.

Нұрайым:

Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын!

Жаңа Жылан жылы: Келіп жеткен жаңа жыл мен боламын. Қош көрдік!
Мен сендермен енді бір жыл қонақта боламын.

Анна: Қош келдің жаңа жыл!

Бізге құтты болғайсың жыл.

Төрле-төрле жаңа жыл,

Баршамызға құтты болсын жаңа жыл- деп жаңа жылымызға арналған әнімізді қабыл алайық.

Хор: «Жаңа жыл» әні

Аяз Ата: Жарайсыңдар! Қандай өнерлі балалар екенсіңдер! Қызым енді біз қайтайық.

Ақшақар:

Тыңдаңызшы Ата сіз мені

Ұмыттыңыз сіз нені?

Аяз-Ата: Ой, қызым балаларға алып келген сыйлығымды ұмытып кетіппін ғой. Қанеки, ортаға алып келе ғой.

(сыйлықтар тарту етіледі)

Анна:

Қуанатын шақ болсын,

Достарымыз ақ болсын.

Бізге келген жаңа жыл,

Құт береке бақ болсын!-деп бүгінгі ертегі желісімен дайындалған жаңа жылдық мерекемізді аяқтаймыз.

Құттықтау сөзі: «Күншуақ» бөбекжай-бақшасының басшысы Баянова.А.Е сөз кезегін береміз.



